

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 3-6.

ӘОЖ 9.929

С.СЕЙФУЛЛИН ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАМАНДАСТАРЫ

*Абдильдина Г.С., мұғалім
105 орта мектеп
Астана қ.*

Ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, жұртының амандығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ тарихының тұлғалары ұлт тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Ең алдымен тұлға деген ұғым - тарихи өлшем. Яғни, тарихи тұрғыдан ел, халық үшін орасан зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай бағаны беріп отырған. Міне, қазақ тарихының белесінде осындай орасан зор халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласқан немесе осы тарихи оқиғаларды басқарған ұйымдастырушы болған, әйтпесе асқан ерлік көрсеткен азаматтар - халықтың тұғырлы тұлғасына айналып отырған. Қазақ ұлтының бағына, тағдырына орай Тарих-ана әр ғасырда жаужүрек, батыр тарихи тұлғалы ұлдары мен қыздарын мол жаратқан. Қазақ жерінің бір сүйемі де осылардың арқасында жаудың қолында кетпей, асқақ тарихымызды, намысты қолдан бермей, мәдениетінде, тұғырлы тілінде қай жағынан болмасын, қазақ тарихында тұлғаларымыз мәңгі өшпей қала бермек.

Осындай тұлғаларымыздың бірі С.Сейфуллиннің тарихта қалдырған ізіне қысқаша шолу жасамақпыз.

XX ғасырдың басындағы қазақ даласындағы саяси өзгерістердің С.Сейфуллиннің саяси көзқарасының айқындалуына ықпалы көрсетіліп, Ақмола депутаттар кеңесінің мүшесі, оқу комиссары болғандағы атқарған шаралары оның ұстанған мақсатының іске асуының бастамасы, қоғамдық қызметінің, қайраткер ретінде танылуының алғашқы баспалдағы ретінде тұжырымдалды [1]. С. Сейфуллиннің кеңестік билік орындарымен және әр түрлі бағыт ұстанған топшылдармен қарым-қатынасы күрделі кездің өзінде-ақ мемлекет ісін қазақ халқының талап-тілегіне лайықтап жүргізгені, партия жолына көзсіз сенбегені, кеңестік биліктің Қазақстандағы жүргізген реформаларына, ұлт саясатын іске асырудағы ұстанымдарына қарсылығы дәлелденді. Қайшылықты өмірінде С.Сейфуллин өзінің шын азамат екенін, көздегені жеке басының қамы емес, қазақ елінің өркендеуі болғандығын танытты.

1921 жылғы 16 ақпанда Қазақ ОАК-і жанынан Ақмола, Семей облыстарын Сібір ревкомынан Қазақ Автономиясына қайтару жөніндегі

Төтенше комиссия құрылып, құрамына С.Меңдешев, С.Сейфуллин, И.Заромский, Ғ.Әлібеков, Ә.Досов кірді[2]. Осы жылдың 26 ақпанынан 12 мамырға дейін тер төге жұмыс істеген комиссия жұмысының түпкілікті жемісі - Ақмола және Семей облыстарының Қазақ Автономиясына қайтарылуы болды. Өзіне тапсырылған міндетті абыроймен атқарған С.Сейфуллин 1922 жылы 13 маусымда Ағарту халық комиссарының орынбасарлығына тағайындалса, 27 шілдеден бастап «Еңбекші қазақ» газетінің редакторлығын қоса атқарып, үкімет құрамында сыннан өтіп, іскерлік қырынан танылды.

С.Сейфуллиннің 1922 - 1924 жылдары Қазақ үкіметін басқарған қызметі күйреген шаруашылықты қалпына келтіру, 1921-1922 жылдардағы жұт пен аштық жайлаған ауыр кезеңге тура келді. С.Сейфуллиннің мемлекеттік қызметті өзінің қаламгерлік ісімен қабыстыра біліп, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторлығын қоса атқаруы оның ойлары мен тұжырымдарын, үкіметтің іс-шаралары мен жоспарларын, өзгерістерді қалың қауымға жеткізіп, серпіліс туғызды. Ол өзінің қызметін ашыққандарға көмек, халықтың әл-ауқатын көтеруден бастады [3].

1922 жылғы 16 қарашада Қазақ ОАК-і С.Меңдешев, С.Сейфуллин және Ж.Сәдуақасовтың қол қоюымен аштыққа қарсы күрес жөніндегі Орталық комиссияның ережесін бекітті. Комиссия аштыққа ұшырағандардың нақты санын анықтады. Ашыққандар мен босқындарға қираған шаруашылықтарын қалпына келтіруге, егіске тұқым, көлік малын сатып алуға ақшалай жәрдем көрсетілді. Үкіметтің «Балаларға көмек жобасы» жасалды. Жобада балалар үйлерін ашу, панасыз балаларды орналастыру, мектепке тарту, т.б. іс-шаралар белгіленді. Жер ісі және барлық халық комиссариаттарына, шаруа комитеттеріне балалар мекемелеріне пайдалануға жер учаскелерін бөлу, өңдейтін құралдармен жабдықтау, сүт тағамымен қамтамасыз ету үшін ірі қара малын бөлу міндеттелді. Осы кезеңде 26630 панасыз бала қамқорлыққа алынып, балалар үйіне орналастырылды [4]. 1924 жылы аштық жайлаған Ақмола облысының Ақмола және Атбасар уездеріне астық әрі қаржылай көмек бөлуді БОАК-нің алдына ұсыныс етіп қоюының нәтижесінде мындаған адамдардың өмірі сақталды.

1923 жылдан бастап ауыл шаруашылығының көтерілуіне үкіметтің салық жүйесін реттеу саясаты ықпал етті. БОАК-нің 1923 жылы 10 мамырда қабылдаған бірыңғай ауыл шаруашылығы салығы туралы декреті бойынша салық малшыдан ет, егіншіден астық түрінде алынды. 1923 жылғы 12 қыркүйекте С.Сейфуллин Орталықтың беспайыздық жеңілдік туралы декретіне сәйкес барлық қуаты аз шаруашылықтарды толығымен ауыл шаруашылығы салығынан босату жөнінде шешім шығарды. Ол салық саясатының мәнін «мақсат салықтың ауырлығын азайту, егер салық жеңіл болса ауыл шаруасы күшейіп оңалмақ» [5] деп түсіндіреді.

С.Сейфуллин Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Төрағасы қызметіне кіріскен алғашқы күннен-ақ республиканың қаржы жүйесін реттеуге күш салды. Жалпы мемлекеттік және жергілікті бюджеттер құрылғанымен шығынның кірістен көп болып, Орталықтың қаржыны үнемі аз бөлген

жағдайында барлық қажеттілікті қанағаттандыра алмады. С.Сейфуллиннің 1922 жылы желтоқсанда Кеңестердің Бүкілресейлік X съезіне барған сапарында Қазақстанның қаржыға деген сұранысын нақты фактілермен, табандылықпен дәлелдеуінің нәтижесінде бұған дейін үнемі Орталықтың қарсылығына кездескен өлкелік бюджет құру мәселесі шешімін тапты. Деректерден анықталғаны, үкімет басшысының Қаржы халық комиссары И.Майминмен бірге Мәскеуге қаржы мәселесіне байланысты наразылық хаттарын жолдауынан қайшылықты жағдайлар көбінесе республика пайдасына шешіліп отырылған.

1923 жылдың 19 қарашасында Халық комиссарлар Кеңесі Жер ісі халық комиссариатының сметасын қарап бекітті. Маңыздысы, С.Сейфуллиннің нұсқауымен үкіметтің мал шаруашылығын дамытуға арнайы қоры құрылды. Батыстағы Орал, Темір уездерінде мал тұқымын асылдандыру станциялары жасалып, Қостанай, Орал, Петропавл, Павлодар жылқы заводтары қалпына келтірілді. Қазақ даласы үшін әр жылдарда бір қайталанбай қоймайтын жұтқа алдын-ала қамдану мақсатында көшпелі, жартылай көшпелі аудандарда жем-шөп базалары ұйымдастырылды.

С. Сейфуллиннің айтуынша алыс ауылдарда алып-сатар саудагерлер көшпелі халықтан ауыл шаруашылық өнімдерін арзанға сатып алып, өз тауарларын қымбатқа өткізіп, онсыз да тұрмысы ауыр қазақтар күйзеліске ұшырап отыр. 1924 жылдың 1-7 наурызында үкімет басшысының мұрындық болуымен өткізілген «Ауыл шаруашылығы несиесі және кооперация» апталығының мақсаты - кооперациялық шаруашылықтың тиімділігін, алыпсатарлар көретін пайданың барлығы халықтың өзінде қалатынын ұғындыру арқылы қазақ еңбекшілерін кооперацияға біріктіру болғаны даусыз. Орынборда кооператор қазақтарды дайындайтын 40 адамдық курс ашылды [6].

Қорыта айтсақ, салық жүйесінің реттелуі, жергілікті, өлкелік бюджеттердің құрылуы және ауыл шаруашылық банкісі арқылы несиелердің берілуі, аштықтан зардап шеккен аудандарға ұйымдастырылған көмек ауыл шаруашылығының қалпына келіп, дамуына әсер етті.

1924 жылы 24 мамырда С.Сейфуллин іргелес Ресей аумағындағы құны қымбат Кузнецк көмірімен салыстырғанда арзан, әрі сапалылығын ескере отырып, Екібастұз көмірін Сібір рыногына шығару жөнінде Сібір ревкомына ұсыныс жасауға шешім қабылдады. Сөйтіп, республика көмірінің сыртқы рынокта бәсекелесе алуына қол жеткізілді [7]. С.Сейфуллин Қазақстанды шет мемлекеттерге тәуелді қылмай дайын өнім шығара алатын экономикасы дамыған елге айналдыруды көздеді. Өнеркәсіптің өңдеу салаларының желісін құру идеясын ұсыну арқылы өзінің білікті әрі жаңалыққа ұмтылушы басшы екендігін танытты. С.Сейфуллиннің есептеуінше қазақ даласы шикізат өнімдеріне өте бай. Мәселен, мал өнімдері, жүн, қыл-қыбырларды іске жарататын тоқыма фабрикасын салса халыққа жұмыс табылып, әрі алысқа бармай-ақ қымбат мата бұйымдарын арзанға қиындықсыз сатып алады деп тұжырымдайды.

С. Сейфуллиннің Қазақстан үкіметін басқарған қызметіндегі маңызды орын алатын оқиға - Орта Азияның ұлттық-территориялық межеленуі. Үкіметтің осы бағыттағы жұмыстарын атап көрсетсек: Түркістандағы Қазақ Өкілеттілігін қаржыландыру, халық комиссариаттарының Сырдария және Жетісу облыстарымен шаруашылық, экономикалық, мәдени жағынан байланыс жасау, Түркістанда оқитын қазақ студенттерінің әлеуметтік жағдайын көтеру, шекаралық аудан тұрғындары арасындағы шиеленіскен қақтығыстарды реттеу, т.б. 1923 жылғы 6 желтоқсанда Қазақ ОАК-інің Үлкен Президиумында аудандастыру жөніндегі мәселе қаралды. С. Сейфуллиннің басшылығымен Қазақ үкіметі Қазақстан Республикасының қазіргі шекаралық тұтастығының заңды түрде белгіленуінде өзіне жүктелген міндетті сәтті атқарып шықты.

С.Сейфуллин өзінің ағартушылық ойлары арқылы жастарға білімнің маңыздылығын ұғындыра отырып, үкімет қаржысының қомақты бөлігін оқу-білімге бөлді. 1924 жылы «Сауатсыздықты жою» қоғамы құрылды. 1922-23 оқу жылында барлық мектептер саны 2001, оның ішіндегі қазақ мектебі 590 болса, 1923-24 оқу жылында мектептер саны 2444-ке, қазақ мектептері 775, қазақ балаларының саны 22590-нан 31083-ке дейін өскен. Осы мерзімде қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтар басылып шықты. Алаш зиялылары құрастырған бұл оқулықтар ұлттық нақышты айшықтаған мазмұндылығымен құнды еді. 1922-1924 жж. Семейде, Оралда, Қарқаралыда, Петропавлда, Көкшетауда, Ордада, Қостанай мен Ақтөбеде алғашқы мұғалім мамандарын даярлайтын педтехникумдар ашылды [8].

1923 жылы 28 қаңтарда Орынборда Ахмет Байтұрсыновтың 50 жасқа толған мерейтойы өтіп, оны С.Сейфуллин өзі ашып жүргізді. «Еңбекші қазақ» газетіне мақала жариялап ұлы ғалымның ағартушылық қызметін әділ бағалап, халыққа танытты. Оның ойынша қазақ елін өркендетудің жолын ұлттың тұрмысын, шаруашылық ерекшеліктерін, дәстүрін білетін қазақтардан басқа ешкім таппақ емес. Сондықтан ең алдымен жергілікті ұлт өкілдеріне сеніммен қарау керектігін батыл айтып, өзара түсіністіктің, түсінуге тырысушылықтың болмауынан солақай басшылар мен қоздырушылар ойлап тапқан «ұлтшылдық» деген аңызды жоққа шығарды. Бұрынғы отаршылдық саясаттың пролетарлық отаршылдықпен алмастырылып отырғандығын әшкереледі [9].

1930 жылдың 12 сәуірінде БК (б) П Қазақ өлкелік комитеті партияның ұжымдастыру саясатын түсіндіріп, кемшіліктерді жою үшін өлкеком мүшелерін, басшы қызметкерлерді ауылдарға жіберу туралы қаулы қабылдады. Қарақұм көтерілісін тоқтатуға жіберілетін мемлекеттік комиссияның құрамына Жангелдин, Сейфуллин, Мүсірепов, Тыспаев, Жүсіповтер кірді. Комиссия мүшелері халықтың талап-тілектеріне түсіністікпен қарап, көтерілісті бейбіт жолмен тоқтатуға тырысты. Атап айтқанда: халыққа тұрмыстық жағынан азық-түлік, қажетті бұйымдар, дәрігерлік көмек көрсетілді, орынсыз тәркіленген мал-мүліктері қайтарылды. Комиссия жұмысының басты жемісі - көтерілістің себебі мемлекеттің күштеу саясатынан туып отырғандығы жайында батыл қорытынды жасалды. Алайда

мұндай қорытынды Ф. Голощекинге ұнамады, комиссия мүшелерін ұлтшылдар деп айыптап, көтерілісшілер аяусыз жазаланды. Сөйтіп С.Сейфуллин ел басына түскен сын сағатта әділдікті жақтап, халық мүддесі жағында тұрды, кеңестік жүйенің сойылын соғушы емес, өзіндік пікірі бар тұлға екендігін дәлелдеді. Сол уақытта қазақ жазушылары ел басына түскен нәубетті көре тұра айтуға батылы бармады. Қасіретті жылдар тек С.Сейфуллиннің шығармаларында ғана көрініс тапты. Өзінің «Қызыл ат», «Біздің тұрмыс» шығармаларында ұжымдастыру науқанының еріктілік қағидасын бұзып жүргізілгенін, бұрмалаушылық әрекеттерді, голощекиндік саясаттың халыққа әкелген зорлық-зомбылығын, қызмет басындағылардың өрескел қылықтарын, төрелікті батыл сынады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Елеуов, Т. (1957). *Қазақстанда Совет өкіметі қалай орнады*. Алматы: Қазмембас.
- 2 Елеуов, Т. (1967). *Қазақ аулында Совет өкіметінің орнауы және нығаюы (1917-1920 жж)*. Алматы: Қазақстан.
- 3 Кәкішев, Т. (1968). *Қызыл сұңқар*. Алматы: Қазақстан.
- 4 Камалиева, К. (1969). *Сәкен Сейфуллин - видный деятель народного образования и просвещения*. Алма-Ата: Мектеп.
- 5 Кәкішев, Т. (1976). *Сәкен Сейфуллин (Өнегелі өмір)*. Алматы.
- 6 Камалиева, К. (1983). *Сәкен Сейфуллиннің азартушылық қызметі*. Алматы: Мектеп.
- 7 Кәкішев, Т. (1994). *Ескірмейді естелік*. Алматы: Жазушы.
- 8 Кәкішев, Т., Ахметсадыққызы, К. (1997). *«Тар жол, тайғақ кешу» тағдыры*. Алматы: Санат.
- 9 Berdyguzhin, L., Nagimov, Sh., Sarsenov, A., Jambolova, G., Khamidullina, D., Nigmatov, B., Kaluova, S. (2020). Formation of Kazakh National Elites in the late 19th and 20th Centuries. *Codrul Cosminului*, 26(1), 57-72. doi.org/10.4316/CC.2020.01.005.